

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУ ЕСЕБІ

Тәрбие жұмысының мақсаты:

2024–2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басымдықтарына сәйкес ұлттық мәдениет, жалпыадамзаттық құндылықтар мен қазақстандық патриотизм негізінде азаматтық жауапкершілік пен парасаттылықты бойына сіңірген, рухани-адамгершілік қасиеттерге ие, зияткер, еңбекқор әрі шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының тәрбие бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы тәрбиенің сапасын арттыру;
- Оқушылардың сабақтан тыс шығармашылық белсенділігін арттыру;
- Мектеп ортасында жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру;
- Әлеуметтендіруші және практикалық тәрбие бағытын күшейту;
- Әлеуметтік серіктестік арқылы ата-аналармен байланысты нығайту;
- Ақпараттық мәдениет пен цифрлық сауаттылықты дамыту, зиянды әдеттердің алдын алу.

Тәрбие жұмысының бағыттары мен құндылықтары:

Тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары негізінде келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
2. Рухани-адамгершілік және әділдік;
3. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
4. Бірлік және ынтымақ;
5. Жасампаздық және жаңашылдық.

Қолданылған әдіс-тәсілдер:

- Ұжымдық шығармашылық істер (ҰШІ);
- Практикалық сабақтар, пікірсайыстар, рөлдік ойындар;
- Әдеби-музыкалық кештер, викториналар, көрмелер;
- Спорттық жарыстар мен челлендждер;
- Әлеуметтік желілерде челлендждер мен ақпараттық жарияланымдар;
- Цифрлық қауіпсіздік, буллингтің алдын алу, зиянды әдеттердің алдын алу бойынша дәрістер мен семинарлар.

Өткізілген маңызды іс-шаралар:

Ай	Іс-шара атауы	Бағыты	Форматы	Қатысу деңгейі	Ескерту
Қыркүйек	«Білім күні – Мектеп – мейірім мекені!» сынып сағаты	Азаматтық тәрбие	Бірыңғай сынып сағаты	100%	Рефлексия ұйымдастырылды
Қазан	«Көк байрағым – елімнің асқақ рухы» концерті	Патриоттық тәрбие	Концерт	100%	Instagram челлендж ұйымдастырылды
Қазан	Эвакуациялық оқу-жаттығу	Қауіпсіздік	Практикалық оқу	100%	Сценарий бойынша өткізілді

Қазан	«Жеңіс жалауын тіккен қаһарман» іс-шаралары	Патриоттық тәрбие	Концерт және сынып сағаттары	98%	Р. Қошқарбаевқа арналған концерт
Қараша	«Оқушы жастар арасында терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу»	Экстремизм мен терроризмнің алдын алу іс-шаралары	Республикалық семинар	90%	Семинар
Желтоқсан	«Жеңіс жұлдыздары» конкурс жеңімпаздарын ұлықтау	Рухани тәрбие	Әдеби кеш	85%	Инстаграм желісінде жарияланды
Қаңтар	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» дәрісі	Ақпараттық мәдениет	Дәріс	89%	Цифрлық сауаттылық тестілеуі өткізілді
Сәуір	Наурыз-береке, Наурыз - мереке	Ұлттық тәрбие	Концерт және көрме	95%	Жаңа форматпен өткізілді
Мамыр	«Кітаппен бөліс» акциясы	Рухани тәрбие	Кітап алмасу	90%	Жас оқырмандар клубы құру жоспарланды
Мамыр	«Қош бол, бастауыш!» және «Соңғы қоңырау» салтанаты	Рухани тәрбие	Салтанатты жиын	100%	Жаңа форматпен өткізілді
Мамыр	Әскери мозайка	Патриоттық тәрбие	Әскери әндер концерті	100%	Жеңістің 80 жылдығына арналған концерт
Маусым	Мен рәміздеріммен мақтан етемін	Патриоттық тәрбие	Instagram желісінде челлендж	70%	Instagram челлендж ұйымдастырылды

Педагогтің еріктілік және демеушілік бастамасы:

2024–2025 оқу жылы барысында мектеп ұжымындағы бірқатар педагогтер ерікті негізде әлеуметтік маңызы бар тәрбиелік бастамаларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, концертмейстер-педагог Карибаев Ерзат Бекмухамбетович интернатта тұратын бастауыш сынып оқушыларына қамқорлық танытып, демеушілік сипаттағы бірнеше игі іс-шараның ұйымдастырылуына бастамашы болды.

Ол тек жеке қаражатымен шектелмей, сондай-ақ сыртқы демеушілер мен еріктілерді де тарту арқылы қайырымдылық жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп отырды. Атап айтқанда:

- Жаңа жыл мейрамында балаларға сыйлықтар табыстау ұйымдастырылды;
- Наурыз мерекесі қарсаңында тәрбиеленушілерді кинотеатрға апарып, мерекелік демалыс пен жылы атмосфера сыйлады.

Бұл бастама оқушылардың эмоционалдық жағдайына оң ықпал жасап, ұжымдағы адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін нығайтуға үлкен үлес қосты. Бұл бастама балалардың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайына оң әсер етіп қана қоймай, ұжымда парасаттылық, ізгілік және шынайы адамгершілік құндылықтарын насихаттауға үлгі болды.

Оқушылар белсенділігі:

- Іс-шараларға оқушылардың қатысу деңгейі орта есеппен – **92%**;
- Белсенді оқушылар үлесі – **54%**;
- Оқушылардың өзіндік бастамалары артып, сынып сағаттарында жеке жобаларын таныстыру мүмкіндігі берілді.

Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы:

- Жоғары сынып оқушыларының кеңесі белсенді жұмыс істеді (құрамында 20 оқушы);
- Кеңес мүшелері ұйымдастырған шаралар:
 - Мұғалімдер күні құттықтауы;
 - «Күзгі бал» және «Қысқы бал» кештері;
 - Наурыз-береке, Наурыз – мереке шарасында интерактивты бұрыштар
 - Кеңес Instagram арқылы оқушылардың үнін білдіру алаңын жүргізді;

Сынып жетекшілер мен интернат тәрбиешілерімен әдістемелік жұмыс:

Біртұтас тәрбие бағдарламасын түсіндіруге бағытталған 2 әдістемелік жиналыс өткізілді.

3 коучинг-семинар ұйымдастырылды:

1. «Оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын көтеру жолдары»
2. «Образ современного классного руководителя в реалиях новой эры»
3. «Сынып жетекшілердің және тәрбиешілердің коллаборативтік жұмысын арттырудың жолдары»

Ата-аналармен жұмыс:

- 1–12 сынып ата-аналарымен жоспарлы жалпы жиналыстар өткізілді;
- Қамқоршылық кеңесі жаңартылып, 5 жаңа мүше қабылданды;
- Сыныптық ата-аналар жиналыстары тоқсан сайын өткізілді (қатысу көрсеткіші – **73%**);

Сауалнама нәтижелері:

2025 жылдың мамыр айында өткізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес, оқушылардың 80%-ы және ата-аналардың 85%-дан астамы мектептің тәрбие жұмысын оң бағалады.

Оқушылар жағынан: оқу жүктемесінің ауырлығы, санитарлық жағдайлар, психологтың әлсіз қызметі;

- Ата-аналар жағынан: тамақ сапасы, интернаттағы тұрмыс шарттары, ақпараттық кері байланыстың жетіспеуі анық көрсетілді

Сауалнама нәтижесі бойынша тәрбие жұмысында кездескен қиындықтар:

- Кейбір сыныптардың төмен белсенділігі, тамақ сапасына наразылық, интернат жағдайының жеткіліксіздігі, психолог жұмысының тиімді болмауы, ата-аналармен байланыстың жүйесіздігі байқалды.

Мониторинг және кері байланыс:

- Тоқсан сайын тәрбие жұмысының мониторинг картасы толтырылды;
- Әр бағыт бойынша нәтиже индикаторлары белгіленді;
- Оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнамалар жүргізіліп, кері байланыс нәтижелері негізінде тәрбие жоспарларына түзетулер енгізілді.

2025 жылдың мамыр айында өткізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес, оқушылардың 80%-ы және ата-аналардың 85%-дан астамы мектептің тәрбие жұмысын оң бағалады.

Оқушылар жағынан: оқу жүктемесінің ауырлығы, санитарлық жағдайлар, психологтың әлсіз қызметі;

- Ата-аналар жағынан: тамақ сапасы, интернаттағы тұрмыс шарттары, ақпараттық кері байланыстың жетіспеуі анық көрсетілді

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы білім беру саясатына, «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және әдістемелік-нұсқаулық хат талаптарына толық сәйкес жүргізілді.

Жұмыс жүйелі, мақсатты және құндылыққа бағытталған сипат алды.

Негізгі нәтижелер:

- Жалпы қамту деңгейі – **92%**;
- Белсенді оқушылар үлесі – **54%**;
- Патриоттық, рухани және ақпараттық мәдениет бағыттары бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді;
- Ата-аналар қауымының серіктестігі нығайтылды.

2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттер:

№	Ұсыныс	Мақсаты
1	Сынып жетекшілердің әдістемелік шеберлігін арттыру	Тәрбие шараларының тиімділігін арттыру
2	Цифрлық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты дамыту	Оқушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету
3	Тәртіп мәдениетін нығайту және мектеп ережелерін сақтау	Мектеп ішінде қауіпсіз орта қалыптастыру
4	Ата-аналармен әріптестікті дамыту	Отбасы мен мектептің өзара ықпалын күшейту
5	Белсенді оқушыларды ынталандыру жүйесін жетілдіру	Оқушылардың бастамашылдығы мен көшбасшылық қасиеттерін қолдау

Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары:

Сокпаева А.А.